

**2013 жылға арналған Сырдария ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 09 шілдедегі N 285 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 шілдеде N 4477 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 ақпандағы N 68 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 10.02.2014 N 68 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылға арналған Сырдария ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі осы қаулының қосымшасына с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Е. Әжікеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ғ. Қазантаев*

Сырдария ауданы әкімдігінің  
2013 жылғы "9" шілдедегі

N 285 қаулысына қосымша

**2013 жылға арналған Сырдария ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі**

1. 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.
2. 50 жастан асқан жұмыссыз тұлғалар.
3. Отбасында бірде-бір адам жұмыс істемейтін тұлғалар.
4. Бір жылдан ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар.
5. Техникалық және кәсіби білім беру оқу орындарының түлектері.

